

БАНК ҚҰПИЯСЫ МЕН ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ 2



«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ»: ЖАС МАМАНДАРҒА ЖОЛ АШАТЫН МҮМКІНДІК 3

№20 (760). 29 мамыр, 2026 жыл

*Өзгені сынағанша, өзіңді түзет!*

# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады

**21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні**

**Елімізде 21 мамыр – мәдениет және өнер саласында еңбек етіп жүрген жандардың кәсіби мерекесі. Бұл – мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегін ерекше құрметтейтін күн. Халықтың рухани байлығы мен ұлттық құндылықтарының дамуына үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүрген кітапханашылар, мұражай қызметкерлері, археологтар халқымыздың көне тарихын зерттеп, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Өткен мен бүгінді жалғап, ұлт тарихын терең тануға жол ашып жүрген мұндай мамандардың еңбегі әрдайым жоғары бағалауға лайық.**



**Марат ТҰЯҚБАЕВ,**
***Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының археологы***

# «АҚША ҮШІН ЖҮРГЕН АДАМ АРХЕОЛОГ БОЛА АЛМАЙДЫ»

Археолог. Ғажап мамандық. Ол – әрі зерттеуші, әрі тарихшы, әрі өткен мен бүгінді жалғаушы. Түркістан қаласында археология саласына саналы ғұмырын арнаған бір жан бар. Оның есімі – Марат Тұяқбаев. Тарих ғылымдарының кандидаты, Түркістан облысының құрметті азаматы, мәдениет қайраткері. Отандық археология мен тарих ғылымының дамуына, музей ісінің өркендеуіне сүбелі еңбек сіңірген ғалым. Түркістан өңірінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және қорғауға жұмыстарына әлі де өлшеусіз үлес қосып келеді. Көптеген жылдар бойы Түркістан оазисінің бірқатар тарихи орындарында археологиялық жұмыстарға жетекші және қатысушы болды. Бір сөзбен айтқанда, Түркістан шұратындағы қала мәдениетін зерттеп, қайта жазып шыққан адам. Бүгінде ғалымның 115-тен астам ғылыми мақалалары, 5 монографиясы мен 9 кітабы бар.

## «ЖУРНАЛИСТ БОЛАМЫН ДЕП ОЙЛАЙТЫНМЫН...»

**– Аға, археология саласына қалай келдіңіз?**

– Мен археологияға сонау 1980 жылдары келдім. Алматыдағы ҚазМУ-ды бітірген соң Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимараты музейіне ғылыми қызметкер ретінде жолдама берілді. Алайда, келсем мұнда бос орын жоқ. Содан бір жылдай Түркістан қаласындағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепте тарих, қоғамтану, сурет және сызу пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істедім. Бірақ, мендегі мақсат мұғалімдік емес еді. Көңілім археологияға ауа берген соң Мәдениет министрлігіне археология саласы жолға қойылған сол кездегі Оңтүстік Қазақстандағы музейлердің біріне жұмысқа тұруға жолдама сұрап өтінішпен шықтым. Сөйтіп 1980 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрінің сол кездегі орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің қолдауымен Шәуілдірдегі Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне аға ғылыми қызметкер болып тағайындалдым. Онда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы құрамында болып, экспедиция басшылары К.А. Акышев, Л.Б. Ерзакович, К.М. Байпақовтардың жетекшілігімен Отырар, Құйрықтөбе (Кедер), Жалпақтөбе, Алтынтөбе қалаларындағы археологиялық қазбаларға тікелей қатысып, белгілі археологтармен қоян-қолтық жұмыс істеп, тәжірибе жинақтадым. Осы аралықта ортағасырлық қалалар мен қоныстарды, қорған-қорымдарды археологиялық қазба жүргізу арқылы зерттеу бойынша үлкен мектептен өттім.

*(Жалғасы 4-бетте).*

**«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295**



СТАЛИНДІК «ҚАРА КОНВЕЙЕРДІҢ» ҚҰРБАНДАРЫ КІМДЕР ЕДІ? 5



# АТТЕСТАЦИЯ ЖЕҢІЛДЕЙДІ: МҰҒАЛІМДЕР НАҚТЫ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

**Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Үкіметте өткен брифингте мұғалімдердің аттестациясына қойылатын бірқатар талаптың алынып тасталғанын мәлімдеді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі. Министрдің айтуынша, қазіргі таңда педагогтер үшін мақала жазу міндетті талап емес.**

«Жаңа тәртіпке сәйкес мақала жазу талабы мүлдем жоқ. Бұдан бөлек, әдістемелік бағдарламалар, оқу құралдары және авторлық бағдарламалар жазу бойынша бұрын болған талаптар да алынып тасталды», – деді министр.

Сонымен қатар мұғалімдердің ашық сабақ өткізуіне қатысты талаптар да жеңілдетілген. Жұлдыз Сүлейменованың сөзінше, бұған дейін педагогтерден жылына шамамен 25 ашық сабақ өткізу талап етілсе, қазір бұл көрсеткіш 3-4 сабаққа дейін қысқартылған. «Енді мұғалімнің қалай сабақ беретініне басымдық беріледі. Барлық мұғалім күнделікті сабақ өткізеді. Оны арнайы "ашық сабақ" деп бөлудің қажеті жоқ», – деді ол.

Министр педагогтерге арналған тест жүйесіне қатысты да пікір білдірді. Оның айтуынша, биыл ақпан айында қосымша білім беру педагогтері тест тапсырған кезде мұғалімдердің шамамен 80 пайызы алғашқы кезеңнен өте алмаған. Олардың арасында 10-20 жыл еңбек өтілі бар тәжірибелі педагогтер де болған.

«Педагогтердің барлығы тест сұрақтары олардың функционалдық міндетіне сәйкес келмейтінін айтты. Бастапқыда бұл білім саласына қатысты мәселе ретінде қаралды. Бірақ кейін тест сұрақтарын талдау барысында мұғалімдерге артық жүктеме түсіретін сұрақтар бар екені анықталды», – деді министр.

Жұлдыз Сүлейменова Оқу-ағарту министрлігінің басты мақсаты – мұғалімдерге шығармашылықпен жұмыс істеуге және сапалы сабақ беруге мүмкіндік жасау екенін атап өтті. Министрдің айтуынша, қазіргі таңда тест жүйесі алынып тасталған. Сонымен қатар авторлық және әдістемелік бағдарламаларға қатысты артық талаптар да қысқартылған.

«83-бұйрық бойынша пилоттық жоба енгізілгеннен кейін көптеген сұрақ өз шешімін тапты. Бастапқыда түсінбеушілік болды, бірақ қазір мұғалімдердің көбі бұл өзгерістерді қолдап отыр», – деді ведомство басшысы.

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ТЕХНОЛОГИЯ ДА ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ

**Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар барлық салада кеңінен қолданылуда. Соның ішінде орман шаруашылығында геоақпараттық жүйелердің (ГАЖ) рөлі ерекше. Орман ресурстарын қорғау, тиімді пайдалану және оларды бақылау жұмыстарын жүргізуде ГАЖ технологиялары маңызды құралға айналды. Бұл жүйе кеңістіктік мәліметтерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және талдауға мүмкіндік береді.**




ГАЖ технологиялары орман шаруашылығында көптеген бағыттарда қолданылады. Ең алдымен, орман алқаптарын картаға түсіру және олардың шекараларын анықтау жұмыстарында тиімді. Арнайы спутниктік суреттер мен дрондардың көмегі арқылы орман аумағы туралы нақты ақпарат алынады. Сонымен қатар, ГАЖ орман мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді. Орманның жағдайын бақылау арқылы ағаштардың ауруға шалдығуын, зиянкестердің таралуын немесе заңсыз ағаш кесу фактілерін анықтауға болады. Бұл табиғатты қорғау жұмыстарын жедел ұйымдастыруға көмектеседі.

ГАЖ технологиялары орман өрттерінің алдын алу мен оларды болжауда да маңызды рөл атқарады. Жүйе арқылы қауіпті аймақтар анықталып, өрттің таралу бағытына талдау жасалады. Нәтижесінде орман шаруашылығындағы қауіпсіздік деңгейі артады. Бұдан бөлек, геоақпараттық жүйелер орман кадастрын жүргізуде, ағаш қорын есептеуде және орман ресурстарын тиімді жоспарлауда кеңінен пайдаланылады. Бұл орман шаруашылығын цифрландыруға және басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» аумағында рейдтік іссапар және табиғи аумақтарды бақылау жұмыстары заманауи цифрлық технологиялар мен геоақпараттық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, маршруттарды дәл анықтау және кеңістіктік деректерді тіркеу мақсатында Garmin GPS-навигациялық құрылғылары қолданылады. Бұл құрылғылар рейдтік топтардың қозғалыс бағытын бақылауға, координаттарды нақты белгілеуге және далалық мониторинг деректерін жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жедел ақпарат алмасу, құқықбұзушылық фактілерін тіркеу және далалық бақылау нәтижелерін цифрлық форматта енгізу үшін ERAP мобильді қосымшасы пайдаланылады. Аталған жүйе инспекторлардың рейд барысында анықталған мәліметтерді орталық базаға жедел жолдауына, фото және геолокациялық ақпараттарды тіркеуіне жағдай жасайды. Қосымша түрде табиғи аумақтарға әуеден мониторинг жүргізу, қолжетімсіз учаскелерді бақылау және өрт қаупі бар аумақтарды анықтау мақсатында DJI Mavic 3T ұшқышсыз ұшу аппараты пайдаланылады. Дронның жоғары сапалы камерасы мен тепловизиялық мүмкіндіктері табиғи ресурстарды бақылау, заңсыз әрекеттерді анықтау және экожүйенің жай-күйін бағалау тиімділігін арттырады. Осы заманауи цифрлық технологиялар кешенді пайдалану «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» аумағында жүргізілетін рейдтік іссапар жұмыстарының тиімділігін жоғарылатып, экологиялық мониторинг сапасын арттыруға, табиғи ресурстарды қорғауға және жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

**А.ШАЙМЕРДЕН,**
**«Сырдария-Түркістан МӨТП» КММ-нің Орман және өсімдіктер дүниесін қорғау мен өсімін молайту бөлімінің географиялық ақпараттық жүйелер технологиясының маманы**

# ӨРТ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ ЖҮРУДЕ?

**Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, адамзат тіршілігінің тынысы. Ол тек ағаштар мен өсімдіктер әлемі ғана емес, экологиялық тепе-теңдікті сақтап тұрған, климатты реттеп, табиғаттың көркін келтіретін аса маңызды қазына. Сондықтан орманды қорғау – баршаға ортақ міндет.**

Табиғаты таңдай қақтыратын Түркістан облысында орман алқаптарын сақтау мен өрттің алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе жаз мезгілі басталар тұста өрт қауіпсіздігі шаралары күшейтіліп, дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Өйткені өңірдің аптап ыстығы мен құрғақ климаты өрт қаупін арттыра түседі.

Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығы – табиғатты қорғау бағытында ауқымды жұмыстар атқарып келе жатқан мекемелердің бірі. Таулы-тасты аумақта орналасқан орманшылықтың жалпы жер көлемі 24 726 гектарды құрайды. Осындай кең алқапты қорғау мақсатында аумақ сегіз айналымға бөлініп, әр аумақта бақылау мен күзет жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Жаз басталар тұста орман шаруашылығында өрттің алдын алу шаралары қыза түседі. Себебі бұл кезеңде тұрғындардың табиғат аясында демалуы, тауға шығуы, көк майсада серуендеуі көбейеді. Осындай сәттерде қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан өрт шығу қаупі артады. Сондықтан мамандар тарапынан халық арасында түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

Боралдай орманшылығында да өрт қаупіті кезеңде минералды жолақтар мен арнайы жыртылған траншеялар тұрақты түрде жаңартылып отырады. Өртке қарсы жолақтар орман алқаптарының шетіне, тау беткейлеріне, жайылымдарға және елді мекендерге жақын аумақтарға жүргізіледі. Бұл жұмыстар төтенше жағдайдың алдын алып қана қоймай, өрт сөндіру техникаларының еркін жүруіне де мүмкіндік береді.

Боралдай орманшылығында өртке қарсы екі қарауыл бекеті жұмыс істейді. Мұнда өрт сөндіру мамандары тәулік бойы ауысыммен кезекшілік атқарады. Сонымен қатар орманшылар жақын маңдағы ауыл тұрғындарына, қойшыларға, мекемелер мен шаруа қожалықтарына барып, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіруде. Өрттің алдын алу, қоқыс қалдырмау, табиғатқа жанашырлықпен қарау, өрт болған жағдайда алғашқы әрекеттерді дұрыс жасау жөнінде арнайы үнпарақтар таратылып келеді.

Өрттің алдын алуда көршілес шаруа қожалықтарымен өзара көмек туралы келісімдер жасалған. Мұндай бірлескен жұмыстар төтенше жағдай кезінде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, өрттің басым бөлігі адам салғырттығынан болады. Табиғат аясында от жағу, темекі тұқылын тастау, қоқыс өртеу секілді әрекеттер үлкен апатқа себеп болуы мүмкін. Сондықтан минералды жолақтар жасау, күзетті күшейту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу – жазғы өрт маусымына дайындықтың маңызды бөлігі. Сондай-ақ орман алқаптарында өрт қауіпсіздігі ережелері мен табиғатты қорғау тақырыптарында билбордтар мен ескерту белгілері орнатылған. Бұл – тұрғындардың назарын қауіпсіздікке аударып, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі.

Табиғат – келер ұрпаққа аманат. Орманды қорғау, өрттің алдын алу тек орманшылардың ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі болуы тиіс. Бір сәттік салғырттықтың соңы орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан табиғат аясында демалған әр адам қауіпсіздік талаптарын сақтап, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауы қажет.

Табиғатты аялау – туған жерге деген құрмет. Ал орманды өрттен сақтау – болашақты қорғау.

**Мақұлбек ЕРДОС,**
**Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығының ОӨСС шебері**




# БАНК ҚҰПИЯСЫ МЕН ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ

**Газет оқырмандарына Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотта 2026 жылғы 18 наурызында (№77 нормативтік қаулысы) қаралған мәселе жөнінде түсіндіру үшін редакциямызға Қазығұрт ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Руслан Әлжанұлы Абдраимовты шақырған едік. Ол аталған мәселеге қысқаша тоқталды.**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2026 жылғы 18 наурыздағы №77 нормативтік қаулысымен «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңның 50-бабы 4-тармағының Конституцияға сәйкестігін қарады. Бұл іс қоғамда жиі кездесетін, бірақ құқықтық тұрғыдан күрделі мәселені – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік қатынастар мен банк құпиясының арақатынасын айқындап берді.

### Даудың мәні неде?

Өтініш беруші азаматша неке бұзылғаннан кейін ортақ мүлікті бөлу барысында бұрынғы жұбайының банктік шоттары туралы ақпарат ала алмаған. Банктер бұл мәліметтерді банк құпиясына сүйене отырып беруден бас тартқан. Нәтижесінде, талап қоюшы өз құқықтарының шектелгенін алға тартып, заң нормасының Конституцияға сәйкестігін тексеруді сұраған.

### Конституциялық қағидаттар қайшылықта ма?

Іс барысында екі маңызды құқықтық қағидаттың арақатынасы қаралды. Біріншісі, ерлі-зайыптылардың теңдігі және ортақ мүлікке бірлескен меншік құқығы. Екіншісі, әр адамның жеке өміріне қол сұғылмауы және банк құпиясының қорғалуы.

Конституциялық Соттың ұстанымы бойынша, банк құпиясы – әр адамның ажырамас жеке құқығы, ол тіпті неке қатынастары болған жағдайда да сақталады. Ал ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары — заңмен реттелетін, белгілі жағдайларда өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін құқықтар.

### Сот қандай қорытындыға келді?

Сот банк құпиясын қорғау нормасы Конституцияға қайшы емес деп таныды. Негізгі дәлелдер:

- Банк құпиясы – жеке өмірдің бір бөлігі және конституциялық қорғауда;
- Ерлі-зайыптылардың теңдігі олардың жеке құқықтарын жоюды білдірмейді;
- Бір жұбайдың банк шоттары туралы ақпаратты автоматты түрде алу құқығы жоқ;
- Бірақ бұл құқық толық шектелмеген — сот арқылы қажетті ақпаратты талап етуге болады.

### Маңызды құқықтық тұжырым

Сот ерекше атап өтті: ерлі-зайыптылардың теңдігі – олардың бір-бірінің жеке өміріне толық қол жеткізуі дегенді білдірмейді. Әр адам, тіпті некеде болса да, өзінің жеке қаржылық құпиясын сақтауға құқылы.

### Практикалық маңызы

Бұл шешім азаматтар үшін бірнеше маңызды қорытынды береді:

- Ортақ мүлікті бөлу кезінде дәлелдемелерді сот арқылы талап ету қажет;
- Банктер тек заңда көзделген негіздер бойынша ғана ақпарат береді;
- Жеке құқықтар мен отбасылық құқықтар арасында нақты шекара бар.

### Қорытынды

Конституциялық Сот бұл істе жеке құқықтар мен отбасы институты арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтаудың маңызын көрсетті. Банк құпиясы – бұл тек қаржылық ақпарат емес, ол адамның жеке өмірінің бір бөлігі. Сондықтан оны қорғау – құқықтық мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.



# «ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ»: ЖАС МАМАНДАРҒА ЖОЛ АШАТЫН МҮМКІНДІК

**Еліміздің болашағы саналатын жастарды қолдау және оларды жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Әсіресе оқу орнын жаңа тәмамдаған жас мамандардың еңбек нарығында өз орнын табуы маңызды мәселелердің қатарында. Осы орайда Шымкент қаласында жастардың кәсіби дамуына және тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасау мақсатында бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде «Жастар практикасы» бағдарламасы жас түлектерге мамандығы бойынша алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға зор мүмкіндік беруде. Бағдарлама арқылы жастар еңбек ортасына бейімделіп, кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, болашақ мансабына сенімді қадам жасауда. Бүгінде бұл жоба көптеген жас мамандардың өміріне оң өзгеріс әкеліп, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға ықпал етіп отыр.**

Анығын айтқанда, Шымкент қаласында жастарды жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде, қалада еңбек нарығын дамыту, жұмыссыздық деңгейін төмендету және жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қолға алынған. Соның нәтижесінде көптеген жас мамандар уақытша және тұрақты жұмыс орындарына орналасып, өз болашағына сеніммен қарауға мүмкіндік алуда. Әсіресе жоғары оқу орындары мен колледж түлектерін қолдау шаралары күшейтіліп, олардың мамандықтарына сай жұмыс атқаруына жағдай жасалуда. Бұл өз кезегінде жастардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына және еңбекке деген ынтасының артуына оң әсер етпек.

Биыл Шымкент қаласында «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында 1 721 жасты жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 336 жас маман өз мамандығы бойынша жұмыс істеп, кәсіби тәжірибе жинақтап жатыр. Аталмыш бағдарлама аясында жастар мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, кәсіпорындарда және түрлі мекемелерде қызмет атқарып, еңбек дағдыларын қалыптастыруда. Мұндай мүмкіндіктер жас мамандардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, еңбек ортасына тез бейімделуіне көмектеседі. Сонымен қатар олар жұмыс барысында жауапкершілікке үйреніп, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін меңгереді.

Осындай мүмкіндіктердің нақты нәтижесін бағдарлама қатысушыларының бірі – Нұргүл Жанеттің тәжірибесінен де байқауға болады. Ол 2025 жылы жоғары оқу орнын тәмамдап, мамандығы бойынша жұмыс іздей бастаған. Жас маман алғашқы уақытта тұрақты жұмыс табуда қиындықтарға кездескенімен, кейін Enbek.kz порталы арқылы жұмыссыз ретінде тіркеліп, мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгінген. Нәтижесінде ол Орталық Азия инновациялық университеті жанындағы «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» кафедрасына әдіскер қызметіне жұмысқа қабылданған.

Қазіргі уақытта Нұргүл жаңа ортада өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, кәсіби тәжірибесін арттыруда. Оның айтуынша, «Жастар практикасы» бағдарламасы жас түлектерге үлкен қолдау көрсетеді. Өйткені оқу орнын бітіргеннен кейін бірден жұмыс табу әркімге оңай емес. Ал бұл бағдарлама жастарға өз мамандығы бойынша еңбек етіп, тәжірибе жинақтауға, жаңа ортаға бейімделуге және болашақ мансабына сенімді қадам жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар жас мамандар ұжыммен жұмыс істеуді, еңбек тәртібін сақтауды және кәсіби жауапкершілікті үйренеді.

Бағдарламаға қатысу мерзімі 12 айды құрайды. Оған жасы 35-тен аспаған, жоғары немесе арнаулы орта білімі бар, соңғы үш жыл ішінде оқу орнын тәмамдаған және жұмыссыз ретінде тіркелген жастар қатыса алады. Қатысушыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, ай сайын 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жалақы төленеді. Бұл жастардың материалдық жағдайын жақсартып қана қоймай, олардың еңбекке деген ынтасын арттырады. Сонымен қатар бағдарлама барысында тәжірибе жинаған көптеген жас мамандар кейін тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік алып отыр.

Айта кету керек, биыл Шымкент қаласында «Жастар практикасы» бағдарламасымен қатар «Қоғамдық жұмыс», «Күміс жас» және «Әлеуметтік жұмыс орындары» жобалары арқылы жалпы 4 335 адамды уақытша жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда аталған бағдарламаларға 1 367 адам қатысып отыр. Бұл көрсеткіштер мемлекет тарапынан халықты жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударылып отырғанын көрсетеді. Аталған бағдарламалар тек жастарға ғана емес, түрлі санаттағы азаматтарға да қолдау көрсетіп, олардың тұрақты табыс табуына жағдай жасауда.

Жалпы алғанда, «Жастар практикасы» бағдарламасы – жас түлектердің болашағына жол ашатын маңызды мемлекеттік жоба. Бағдарлама арқылы жастар өз мамандығы бойынша алғашқы тәжірибесін жинақтап, кәсіби шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар бұл жоба жастардың жұмыссыздық мәселесін азайтып, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға үлес қосады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан мұндай қолдаулар жастардың еңбекке деген ынтасын күшейтіп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтады. Сондықтан «Жастар практикасы» бағдарламасы жастар үшін үлкен мүмкіндік әрі табысты еңбек жолының бастауы болып саналады.

# ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАҒАН РУХАНИ ФОРУМ ӨТТІ

**Шымкент қаласында отбасы құндылығын нығайту, қоғамдағы рухани тәрбиені күшейту және ұрпаққа өнегелі тәрбие беру бағытында түрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл бастамалар қоғамның рухани дамуына оң ықпал етіп, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің сабақтастығын сақтауға жол ашуда. Әсіресе, жастар арасында имандылықты, адамгершілікті және отбасылық жауапкершілікті насихаттайтын тағылымды кездесулердің маңызы зор. Аталмыш игі шаралар арқылы қоғамда өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді асыл қасиеттер кеңінен дәріптеліп келеді. Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмыстар отбасы институтының беріктігін арттырып, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтуға да үлес қосуда.**



Осындай игі бастамалардың бірі ретінде әйел адамның қоғамдағы рөлін айқындап, отбасы берекесін арттыруды мақсат еткен рухани-танымдық жиындар көпшілік тарапынан кең қолдау табуда. Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының ұйытқысы ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің негізгі тірегі, шаңырақтың берекесін келтіретін тұлға ретінде бағаланады. Сондықтан әйел тәрбиесі мен оның рухани болмысын дамытуға бағытталған шаралардың мәні ерекше. Мұндай кездесулер аналардың қоғамдағы беделін арттырып қана қоймай, жас қыз-келіншектерге өнеге болатын маңызды ортаға айналып отыр.

Шымкент қаласында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Шымкент қаласы бойынша өкілдігіне қарасты Есжанұлы Сейітжан қари мешіті әйел-қыздар бөлімінің ұйымдастыруымен «Әйел – адал қоғам тірегі» атты рухани-танымдық форум жоғары деңгейде өтті. Аталған форумның басты мақсаты – отбасы институтын нығайту, әйел адамның жауапкершілігін арттыру және рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Іс-шара барысында қоғамдағы әйелдің орны, оның тәрбиелік рөлі мен отбасындағы маңызы жан-жақты талқыланды. Форум мазмұны терең, тағылымы мол жиын ретінде қатысушылардың оң бағасына ие болды.

Тағылымды басқосуға 1500-ден астам көрермен қатысып, қоғамдағы әйелдің орны, отбасы тәрбиесі, рухани құндылықтар мен әйел денсаулығы секілді маңызды тақырыптар кеңінен қозғалды. Форумға жиналған қауым көтерілген мәселелердің өзектілігін ерекше атап өтті. Әрбір тақырып өмірлік тәжірибемен ұштасып, қатысушыларға терең ой салды. Сонымен қатар, отбасы бірлігін сақтау, бала тәрбиесіндегі ананың рөлі және әйел адамның рухани кемелденуі жайлы мазмұнды пікірлер айтылып, көпшілік тарапынан қызу қолдау тапты.

Форум барысында Түркістан облысы «Әйел-қыздар» секторының жетекшісі Еңлік Мұратқызы, Шымкент қаласы «Әйел-қыздар» секторының жетекшісі Балжан Асылханқызы, Шымкент қалалық орталық Ақмешіт мешіті ұстазы Айжарқын Әмзеқызы және гинеколог маман Раушан Серікқызы арнайы баяндама жасап, көпшілікке әсерлі насихат айтты. Спикерлер әйел тәрбиесі, отбасыдағы өзара түсіністік, қыз баланың әдебі мен аналардың жауапкершілігі жөнінде тағылымды ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, әйел денсаулығына қатысты маңызды кеңестер беріліп, қоғамда жиі кездесетін мәселелердің алдын алу жолдары түсіндірілді. Мамандардың әрбір пікірі тыңдаушылардың көңілінен шығып, рухани әрі танымдық маңызы жоғары ақпараттар ұсынылды.

Келелі кездесуде әйел адамның қоғамдағы рөлі, отбасы құндылығы, ұрпақ тәрбиесі, имандылық пен денсаулық мәселелері кеңінен сөз болды. Әсіресе, қазіргі таңда отбасы тәрбиесіндегі рухани құндылықтардың әлсіреу қаупі мен оның салдары жөнінде маңызды ойлар айтылды. Жиын барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандар тарапынан тұшымды жауаптар алды. Әрбір тақырып бір-бірімен сабақтасып, қоғам үшін аса маңызды мәселелерді қамтыды. Бұл өз кезегінде форумның мазмұндық деңгейін арттырып, көпшілікті пайдалы рухани көңіл-күйге кенелтті.

Форум аясында қалың қауымға ерекше қуаныш сыйлаған әсерлі сәттердің бірі – қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталып, екі бірдей Умра жолдамасының иелеріне берілуі болды. Бұл тосын сый жиналған көпшілікке үлкен әсер қалдырып, шараның рухани маңызын арттыра түсті. Қуанышқа кенелген жандар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, мұндай игі бастамалардың халыққа үлкен мотивация сыйлайтынын атап өтті. Сонымен қатар, форум барысында берілген сыйлықтар қатысушылардың белсенділігін арттырып, шараның мазмұнын одан әрі әсерлі ете түсті.

Тағылымды шара көпшілік тарапынан жоғары бағаланып, әйел тәрбиесі мен рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды басқосу ретінде жұртшылық жадында сақталды. Мұндай мазмұнды кездесулер қоғамдағы отбасы мәдениетін дамытуға, жастардың тәрбиесіне оң ықпал етуге және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге зор мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, бұл бағыттағы рухани форумдар адамдардың бір-біріне деген құрметін арттырып, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға ықпал етеді. Болашақта да осындай игі шаралар жалғасын тауып, саналы ұрпақ тәрбиесіне үлес қоса беретіні сөзсіз.

**Бетті дайындаған**
**Әлия ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ**

# «АҚША ҮШІН ЖҮРГЕН АДАМ АРХЕОЛОГ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

«Жасың болса 27-ге келді, үйленбейсің бе?» деп әке-шешем шақырып қоймаған соң екі жылдан соң Түркістанға қайтуыма тура келді. Келген соң Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимараты музейіне экскурсовод болып қабылданып, оған қоса Е.Смағұловтың археологиялық отрядына маман ретінде қосылып, ортағасырлық Ясы-Күлтөбе қаласындағы қазба жұмыстарына қатыстым. Түркістанның ерте кезеңі деп есептелетін Шауғар-Шойтөбе қаласын зерттедік. Мұнымен қоса Ескі Түркістан қаласы цитаделінің қорған-қамалына, тұрғын үйлер кварталдарына да археологиялық қазбалар жүргіздік. Осы жылдар ішінде археология, этнография бөлімінің меңгерушісі қызметіне дейін көтерілдім.

Одан кейін Түркістан дизайн орталығы ашылып, онда ғылыми-техникалық информатика бөлімінің меңгерушісі болдым, содан соң Алматыдағы «Казпроектреставрация» ғылыми-зерттеу және жобалау институтының Түркістанда филиалы ашылып, сонда біршама жұмыс атқардым. Филиалда жүріп, ортағасырлық құрылыстарды қайта қалпына келтіру бойынша инженер-архитектор мамандығын игеріп, осы жылдары Ескі Түркістан қаласының шахристаны мен цитаделіндегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргіздік.



**Марат ТҰЯҚБАЕВ,**
**Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының археологы**

1995 жылы филиал жабылып қалған соң «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қабылданып, 2019 жылға дейін аға ғылыми қызметкер, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және есепке алу бөлімінің меңгерушісі, 2019 жылдан бері қарай бері «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу бөлімінің археологы болып еңбек етіп келемін.

**– Неге археологияны таңдадыңыз? Жүрек қалауы ма?**

– Мен негізі журналист боламын деп ойлайтынмын. Өзімше газетке бірдеңелерді жазып жүретінмін. Алайда «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деп журналистика факультетінің студенті атануға келгенде бағым жанбады. Түсе алмадым. Содан келесі жылы қайта құжат тапсырып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті атандым. Сол кезде археология кафедрасы енді ашылған екен. Осында білім алып жүріп, бірінші курсты бітірген соң тарих факультеті студенттерінің құрамында Жамбыл облысы, Шу ауданындағы ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында археологиялық практикадан өттік. Қазба жұмысына академик Ә.Марғұлан сынды мықтылар жетекшілік етті. Осы кезде археологиялық жұмыстардың қыр-сырымен жақын таныса бастадық. Сол кезден бастап археологияға деген қызығушылығым қатты оянды. Міне, содан бері елу жылдың жүзі болды, осы салада тынбай еңбек етіп келеміз.

**– Елу жылда біз білмейтін қандай құпияларды аштыңыз?**

– 1995 жылы «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің басшылығы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтына Түркістан археологиялық экспедициясын ұйымдастыру жайында арнайы хатпен шықтық. Бір жылдан кейін экспедиция құрылып, ол 2014 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеді. Экспедицияның «Әзірет Сұлтан» қорық-музей тарапынан тағайындалған жетекшісі және археологы мен болдым. Осы жылдар ішінде Ясы-Күлтөбе, Шауғар-Шойтөбе, Ескі Түркістан, Сыдық ата, Қаратөбе-Сауран қалаларында оннан аса археологиялық қазбалар салып, зерттеулер жүргіздік. Сонымен бірге, қылует жер асты мешітінің мешіт, тахаратхана, қойма, жәмиатхана бөлмелерінде қазба жүргізіп, жер астындағы ғар бөлмесінің XII ғасырда салынғанын дәлелдедік.

2000 жылы бізге қаланың цитаделді шығыстан-батысқа кесіп өткен магистральді көшені тауып, зерттеп, қайта қалпына келтіру міндеті жүктелді. Ұзындығы 110 метр болатын көше нобайы арық түрінде сақталған болатын. Осы жерге қазба түсіріп, көшенің анық тарихи табанын, екі жағындағы құрылыстардың іргесін тауып, зерттеп, өмір сүрген уақытын анықтадық.

Одан кейін Сидақ ата қаласына, Ясы-Түркістан рабадында орналасқан Жәудір ана мешіт-медресесіне, Иқандағы Жүсіп ата кесене-мешітіне, Гаухар ана кесенесінің орнына, Жеті ата қақпасы түбіндегі Баб Араб мешіті мен Баба Ғаріп, Үндемес ата кесенелеріне, қазіргі қаладағы ең үлкен Ахмет Ясауи мешітінің орнына, Хан ордасына қарама-қарсы Жеті ата көшесінің бойындағы Хан мешітіне зерттеу жүргіздік. Бұлардың ішінен Жүсіп ата кесене-мешіті, Гаухар ана кесенесі, Баб Араб мешіті мен Баба Ғаріп, Үндемес ата кесенелері, Хан мешіті бүгіндері толық қайта қалпына келтірілді.

1997 жылы «Түркістан шұраты» отрядын құрдым. Өйткені Түркістан оазисі толық зерттелмеген. Көп жылдардан бері келіп-кетіп жүрген экспедициялар болған, бірақ олардың бәрі қалаларды атүсті зерттеген. Кең түрде қазба салу болмаған. Аталған отрядпен толыққанды зерттеу жұмыстарын бастап, Түркістан маңындағы Күлтөбеге 30-дай қазба жүргіздік. Ясы-Күлтөбенің өзінде 30-дан аса қазба болды. Түркістанның өзінде ұсақ-түйегін есептемегенде 10-нан астам ірі қазба жұмыстары жүрді. Сауранда да ірі 10 қазба, Қаратөбе-Сауранда да (алғашқы Сауран) 7-8 қазба салынды. Сөйтіп ғасырларын дәл анықтадық. Бұл бағытта Түркістан мен Жаңақорған аудандары шегінде орналасқан 70-тен аса қала құрылысы ескерткіштерін зерттеп шықтық. Олардың 68-іне археологиялық қазбалар түсірілді.

Бізде 1994 жылы шығарылған оңтүстік өңірінің ескерткіштер жинағы бар. Сонда Түркістан маңында 24 қала мен қоныс бар деп келтірген, басқаларын зерттемеген. Мен бұрын белгісіз болып келген тағы 30-дан астам қала-қонысты таптым. Мұндағы қала деп отырғанымыз – сол кездегі сырты қорғанмен қоршалған, саудасы мен өмірі қайнап жатқан орталық. Қаланың негізгі бөлігі саналатын шахристанда қара халық, әскерлер тұрған. Оның сыртында рабад бар. Бұл қаланың сырты болған. Ол – қоршалмай, кең жатқан жер. Онда егістік егеді, мал бордақылайды. Қаланың іші тар болған соң кең жерге тұрамын дегендер рабадта қоныстанған.

2009-2013 жылдары аралығында отрядпен Ескі Түркістанның Тәкиә, Жеті ата, Мүсәллә қақпаларын, Бабырат ата көпірін, Сауранның солтүстік қақпасы мен оның алдындағы қорғаныс орын, көтермелі көпірін, Сығанақтың оңтүстік қақпасы мен көпірін, орталық мешітін ашып, зерттеп, қайта жаңғырту және қалпына келтіру жобаларын дайындадық. Одан беріде Түркістан қаласының шығыс бетінде орналасқан «Қалашық» ескерткіші мен оның жанындағы «Елу оба» қорымының қорғандарын зерттеу жұмыстарына да қатыстым. Нәтижесінде бұл қорымның қола, сақ, түркі замандарында қалыптасқандығы белгілі болды.

Айта берсем, атқарылған жұмыстар өте көп. Мен оның бәрін өз еңбектерімде көрсеткенмін.

## «ТҮРКІСТАННЫҢ АРХЕОЛОГТАРЫНА ӘЛІ ЖҮЗ ЖЫЛҒА ЖЕТЕТІН ЖҰМЫС БАР...»

**– Түркістан маңайында әлі де зерттеуді қажет ететін қай жерлер қалды?**

– «Саураннан шыққан мысық Сайрамға дейін дуалдың үстімен жорғалап барады» деген орта ғасырдан қалған сөз бар. Бұл – қалалардың көптігін білдіретін сөз. Расында да солай. Есепке алынып, тізімделген, бірақ әлі зерттелмеген өте көп қала бар. Үлкен емес, бір гектар, жарты гектар көлеміндегі шағын қалалар. Мысалы, Түркістанның сырт маңындағы сақ, қола дәуіріндегі қоныстар тиіп-қашып зерттелген. Онда өте көп қорғандар, мазараттар бар. Түркістан қаласының өзінде де жеткілікті. Жалпы, Түркістанның археологтарына әлі жүз жылға жететін жұмыс бар.

Баяғыда Қазақстанда 25 мың мәдени ескерткіш бар дейтін. 25 мыңды мен бір Түркістаннан тауып беремін. Басқа жақта білмеймін, біздің өңірде өте көп. Себебі тас ғасырында Түркістан табиғаты жанға жайлы, ауа райы жұмсақ, ағашы көп, өзен суы мол, үңгірі көп, жалпы өмір сүруге қолайлы аймақ болған.

Сауранды қазып жүрген кезде бізге поляктар келді. Сол кезде олар «Археологиялық жұмақта тұрады екенсіңдер ғой» деп таңғалды. Жердің беті пырдай керамика, ыдыс-аяқтың сынығы. «Бізде бір құмыраның сынығын тауып алсаң бүкіл Польшаның археологтары жиналады», – дейді. Себебі дым жоқ. Бар нәрселерін баяғыда зерттеп тастаған. Ал бізде жерге күрек салсаң бірдеңе шығады. Міне, біздегі дүние басқа жұртқа таңсық.

**– Бұның бәрі неге зерттелмей қалып жатыр? Неге бағаланбайды?**

– Ол бағалану үшін баладан бастап бастыққа дейін тарихты сүю керек. Сүйіп қана қоймай, соның қадір-қасиетін де білу керек. Негізінен тарихи аймақтарда, көне қорымдар мен ескерткіштер маңында, археологиялық маңызы бар аумақтарда, ескі қалалардың орнында құрылыс бастау үшін археологтардың қорытындысы немесе рұқсаты қажет болады. Олар жерді алдын ала тексеріп, ештеңе табылмаған жағдайда ғана рұқсат береді. Бірақ, бізде олай болмай тұр. Апыр-топыр қаза береді, бірдеңе табылып қалса бас тыныштығын ойлап, керісінше қайта көміп тастай салады. Жолдарды, ғимараттарды ескі төбешіктердің үстіне сала береді. Бір жерді тегістеп, орнына егістік егіп немесе ғимарат салып жіберді ма, болды, ол жерден ештеңе таппайсың. Қаншамасы солай жоғалып кетті. Кейбір жерлер жекеменшікке өтіп кеткен. Менің жерім деп қоршап алған. Мына Шойтөбенің үстіне де жасылдандырамыз деп қырған ағаш егіп тастапты. Суретке түсірейік десек қонысымыз көрінбейді. Айта берсең мұндай мәселелер көп.

Біз бұл туралы көп айттық, өзім газеттерге қаншама мақала жаздым. Қалаларды тегістеп, бақ егіп жатыр деп атойладым. Бірақ әзірге еш нәтиже болмай тұр. Тарихи-мәдени маңызы бар жерлерімізді бүгін қорғамасақ, ертең көрсететін ештеңеміз қалмайды.

**– Біздегі бүгінгі археологияның халжағдайы қалай?**

– Біздің жігіттер біраз уақыт Түркияда жұмыс істеп келді. Сондағы байқағанымыз, олар қазба жұмыстарын жүргізетін болса сол аймаққа ең алдымен лаборатория саладу, оны барлық аппаратурамен толықтырады. Жанына жатақхана тұрғызады. Археологтарды арнайы құрал-жабдықтармен, формамен қамтамасыз етеді, сызға отырмасын деп астына көпшікке дейін береді екен. Қазба жұмыстары кезінде қолданылатын пышақ, щетка, қалақ, т.б. секілді дүниелердің барлығы арнайы жасап шығарылады. Былайша айтқанда, барлық жағдай жасалынады.

Ал бізде ше? Бізде қазба жұмыстарын жүргізуге қажетті дүниелер ауыл шаруашылығы тауарлары сатылатын дүкеннен сатып алынады. Сол жерден қалақ, тырма, шаппашот, т.б. өзімізге қажетті құралдарды аламыз. Бұлар қазба жұмыстарына емес, баубақшаға арналған құралдар ғой негізі. Соны пайдаланамыз. Тіпті археолог деген мамандықтың құнын білмейтін адамдар бар. Археологпын деп бір жерге барсаң өзіңді мазақтап күледі. Өкінішке орай, археология – Қазақстанда кенже дамыған ғылым. Бұған себеп, бізде археологтарды Қазақстан бойынша тек бір ғана оқу орны ҚазМУ-де ғана, онда да 1973 жылдан бастап дайындай бастады. Оған дейін археолог боламын деген адам Өзбекстанда, Мәскеуде, Ленинградта оқып келетін.

Оның үстіне еліміздегі музейлерде археолог мамандығы жоқ. Отырар секілді археологиялық музейлер саусақпен санарлық қана. Ал кейбір облыстарда мүлде археолог маманы жоқ. Мысалы, Атырау жыл сайын бізден археолог шақырып қаздырады. Себебі Түркістанда мықты археологтар бар. Дені өзімнің шәкірттерім. Бұлар ақша үшін жүрген жоқ, бұлар – өз ісіне берілген адамдар. Ақша үшін жүрген адам археолог бола алмайды. Ыстық күнде аузың кебірсіп, жылып кеткен су ішіп, желге кеуіп кеткен нанды жеп, айдалада топырақ қазып кім жүргісі келеді? Тарихты жақсы көрген адам ғана археологияда жүре алады. Археологқа қазба керек, қазба болмаса оның құр кабинетте отырғаны бір тиын. Олардың мақсаты – адамдардың өмірін, мәдениетін, тарихын зерттеу арқылы өткен заманның мәліметін бүгінгі күнге жеткізу. Әйтпесе солар алтын іздеп жүр дейсің бе?

**– Алтын демекші, алтын тапқан кездеріңіз де болған шығар?**

– Әрине, осыған дейін қаншама алтын

таптық қой. Алтын сырғалар, алтын жүзіктер шығып жатты. Барлығы мемлекет қарауына өткізілді. Археологтарда жазылмаған заңдылық бар. Алтын тапсаң, қымқырып қалуға болмайды. Ол – біз үшін үлкен күнә. Тарихта қымқырғандардың талайы қырылып қалды. Одан кейін оны үйіңе әкеліп қойғанда не істейсің, кімге көрсетіп мақтанасың? Әрі-беріден соң ол біреудің, өлген адамның заты ғой. Алтын жерде шашылып жатпайды, оның мүрделердің жанынан табылатыны анық. Оны жымқырсаң ұрыдан не айырмаң бар? Мұны археологтардың бәрі біледі. Тырнақтай зат тапсаң да музейге өткізесің.

Содан соң археологтар бірінің территориясына бірі кірмейді. Мысалы, мені шақырса да Шымкентті барып қазбаймын. Себебі ол жақтың өз археологтары бар. Сол секілді Шәуілдірдің археологтары біздің территориямызға кірмейді. Келетін болса да бізден рұқсат сұрайды. Ондай кезде міндетті түрде өзімізден бір адам жібереміз. Өйткені табылған заттар жергілікті музейге өткізілуі тиіс немесе бір бөлігі ақша бөлген мекемелерге, мысалы, Археология институтына кетеді.

аппаратты алған себебім, оған адамның көзіне көрінбейтін тылсым нәрселер көп түсіп қалады. Мен бұл тақырып туралы «Прана шарлары туралы шындық» деген мақала да жазғанмын. Түркістандағы мавзолейдің айналасындағы кесенелердің ішіне кіріп суретке түсірсең, фотодан көптеген аппақ-аппақ шарларды байқауға болады. Бұл, енді, тылсым дүние.

Сонымен фотоаппаратты алып кетіп бара жатырмын. Бір он минуттай жүрген соң шынында да артымнан біреу еріп келеді. Шөпті сытыр-сытыр еткізіп соңымнан өкшелеп келе жатыр. Тоқтай қалып, артыма қараймын. Ешкім де, ештеңе де жоқ. Фотоаппаратпен сырт-сырт еткізіп суретке түсіріп алдым да, ары қарай кете бердім. Тағы да сол сытыр. Бір уақытта кілт тоқтадым да, тың тыңдадым. Сөйтсем әлгі шөптің өзі сондай екен. Басқаннан кейін 4-5 секунд өткен соң сытыр-сытыр етіп көтеріледі екен. Оны білмейтін адам болса сол сәтте зәресі ұшады. Содан жігіттердің бәрін шақырып алып, көрсеттім. Олар түсініп күліп жатыр. «Көлеңкесінен қорқып жүр» деп Құрбанды да біраз мазақтадық.

Айдалада осындай түрлі оқиғалар орын алып жатады. Жалпы, көзге елестейтін нәрселер көп. Оның бәрін айта бермейсің ғой. Себебі кейбіреулеріне сенбейсің, енді біріне күмәнмен қарайсың. Қатты шөлдеген кезде де көзге әрдеңе елестейді. Жыландардың да небір жуандарын көрдік. Кейін қарасаң әлгі жуан болып көрінген жылан әшейін білектей-ақ болып шығады. Жапан дала болған соң көбіне сағым ойнап тұрады. Жансыз зат жаны бар нәрсе секілденіп, қимылдап тұрғандай көрінеді. Мұндай дүниелерді тәжірибелі археологтар бірден түсінеді. Дегенмен ондай кезде салқынқанды, сабырлы бола білген жөн.

# БОЛА АЛМАЙДЫ»



## НАҒЫЗ ПАТРИОТ – ХАЛҚЫНЫҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН АДАМ

**– Есте қалған ерекше оқиғалар бар ма? Бөлісіңізші.**

– Бір қызық оқиғаны айтып берейін. Шағаны қазып жатқанбыз. Руслан Шәрібаев деген жігіт төменгі жақта жүрген. «Мына құрбақаны қараңыз», – деп тарбиып қатып қалған өлі құрбақаны лақтырып жіберді. Күн 50 градус ыстық. Бір матаны жайып қойып, соның көлеңкесінде табылған заттардың суретін салып отырғанмын. Шамамен 15-20 минуттан кейін бірдеңе жыбыр ете қалды. Қарасам, әлгі құрбақа. Тіріліп кетіпті. Жігіттерді жаныма шақырып: «Әй, қарандар, құрбақа тіріліп кетті», – деп жатырмын.

Содан жергілікті халықтан сұрадық. «Мына жерде қашан су болып еді?» – дейміз. Сөйтсек 1969 жылы тасқын болған. Құрбақа сол тасқын кезінде түскен де, «ұйықтап» қалған. Сонда әлгі бақа 30 жылдан кейін қайта тіріліп тұр ғой.

Сауранда да бір оқиға болған. Қаратөбе-Сауранды қазып жатқанбыз, айналасы терең ор. Айдала. Әлгі жердің маңайы сапсары, қураған шөп. Әлгі шөпті бассаң сытырлайды. Бір күні арамыздағы Құрбан деген жігіт: «Анау жаққа бармаңдар, артыңнан біреу еріп жүреді. Бұрын мола болса керек», – дейді. Жанымыздағы жас балалардың көздері алақандай болды. «Қой, не деп отырсың, қайдағы жоқты айтпай тыныш отыр», – дедім. Сөйтсем: «Сенбесеңіз өзіңіз барып көріңіз, артыңыздан адам еріп жүреді», – деп бой бермейді. Содан фотоаппаратымды алдым да, әлгі қураған шөп қалың жатқан жаққа жалғыз кеттім. Фото-

**– Сіздің ұғымыңызда патриотизм деген не? Патриот деген кім?**

– Патриотизм деген – адамның санасезімінде қалыптасатын өте нәзік ұғым. Бұл – бүтін бір ұлттың басын біріктіру үшін өте керек қасиет. Бірақ ол шектен шығып кетсе ұлтшылдыққа айналып кетуі мүмкін. Сондықтан ара жігін ажырата білу керек. Патриотизм деген – «мен қазақпын» деп кеудені ұра беру емес, өз ұлтыңның жақсы жағын өзгелерге көрсете білу, басқаларға «Шіркін, қазақтың жігіттері-ай», «Шіркін, қазақтың қыздары-ай» деп таңдай қаққыза алу, басқа жұрттың өз халқыңа деген сүйіспеншілігін туғызу. Соның бір көрінісі Димаш Құдайбергенов дер едім. Ол шетелге қазақ халқының тамаша қасиеттерін қалай көрсете алып жүр, ә?! Міне, патриотизмнің нағыз үлгісі осы – елдің атын айқайлап емес, өнеріңмен, біліміңмен, адамгершілігіңмен таныта білу. Сонда ғана өзге жұрт сенің ұлтыңды құрметтеп, еліңе қызыға қарайды. Нағыз патриот халқының абыройын асқақтататын адам деп ойлаймын.

**– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ**

Тарихи сана

# СТАЛИНДІК «ҚАРА КОНВЕЙЕРДІҢ» ҚҰРБАНДАРЫ КІМДЕР ЕДІ?

**1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданды. 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай ақ 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.**



Репрессия – бұл мемлекет немесе оның өкілдері тарапынан қудалау, қысым көрсету және зорлық-зомбылықты қамтитын адам құқықтарының жүйелі түрде бұзылуы. Репрессияның мақсаты – көбінесе оппозицияны, саяси немесе әлеуметтік тәртіпке наразылық білдіретіндердің көзін құрту. Тарихта олар жеке азаматтарға да, саяси, діни, нәсілдік немесе басқа себептерге байланысты адамдардың бүкіл топтарына да бағытталды.

Қазақстандағы қуғын-сүргін – 1920 жылдары басталып, 1930 жылдары Кеңес Одағында Иосиф Сталиннің билігі кезінде шарықтау шегіне жеткен ел тарихындағы күрделі және қайғылы кезең. Бұл кезең бейбіт тұрғындарға, партия қайраткерлеріне, зиялыларға және этникалық топтарға қарсы бағытталған жаппай тұтқындаулармен, депортациялармен және өлім жазасымен сипатталады.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстан Кеңес Одағының құрамына енді. 1920 жылдар Кеңес өкіметінің қалыптасу кезеңі, содан кейін алғашқы репрессиялық шаралар басталды. 1929 жылы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қазақ шаруаларының айтарлықтай қарсылығын тудырды. Бұл «кулактар», яғни бай шаруаларға және ұжымдастыруға қарсы шыққандарға қарсы жаппай қуғын-сүргінге себеп болды. Ашаршылық пен қуғын-сүргін, ұжымдастыру қазақ халқы үшін жойқын зардаптарға алып келді. Ашаршылық зорлықпен ұжымдастырудан және астықты тартып алудан туындады, бұл азық-түлік тапшылығына әкелді.

1930 жылдары «үлкен тазарту» деп аталатын қуғын-сүргін шарықтау шегіне жетті. Революцияға қарсы іс-қимыл, тыңшылық және басқа да саяси қылмыстар үшін мыңдаған адамдар қамауға алынды. Құрбан болғандардың арасында партия қайраткерлері, зиялы қауым және қарапайым азаматтар болды. Олардың көпшілігі атылды, мәжбүрлі еңбек лагерлерінің ГУЛАГ жүйесіне жіберілді.

